



«Хат қоржын» оқырман

...мәселе көтереді

Әлемге танылу мүмкіндігіміз зор

Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан баб және басқа да тарихи нысандар көпшілік баратын орынға айналғанымен, негізінен тек зиярат жасалады. Осы орайда бұл жерлерде ғылыми-тарихи туризмге баса назар аудару маңызды. Яғни келушілер бұл орындардан танымдық тұрғыдан ақпарат алатындай тиісті шаралар қабылданса, нұр үстіне нұр болмақ.

Түркістан облысына сапармен келген Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Арыстан баб кесенесі маңындағы «Отырар» орталығы мен музейін көпшілікке арналған нысанға айналдыру қажеттігін де айтқан болатын. Иә, ел тарихын білудегі басты мақсат – өткеннен тағылым алу. Осы орайда еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді білу – тарих алдындағы міндетіміз. Өйткені бүгінгі кемелдіктің өткен күндер жөргегінде өсіп- жетілетіні, тарихтағы кез келген мәдени өрлеудің өткенмен тығыз байланысты екені айтпаса да түсінікті.

Отырар өңірі мәдени ескерткіштерге өте бай. Мұндағы көне мұралар 200-ден асады. Ескерткіштер археологиялық, сәулеттік, этнографиялық болып бөлінеді. Бұл жылжымайтын тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығы мемлекеттік мекемесіне жүктелген. Қорық-музейде ескерткіштердің кездейсоқ не қасақана бұзылуының алдын алу үшін 13 ауылдық округке қорықшылар бөлінген. Олардың негізгі міндеті өздеріне бекітіп берілген аумақтағы тарихи-мәдени мұралардың сақталуын қадағалау, округ басшылығымен және жер инспекторларымен үнемі тығыз байланыста болу. Сонымен қатар ескерткіштерге жақын орналасқан шаруашылық иелеріне тарихи-мәдени мұралардың бүлінбеуі жөнінде түсінік жұмыстарын тұрақты жүргізіп отыру.

Ұстаздар мектептерде өтетін тәрбие сабақтарында ескерткіштер елдің, бүтін бір халықтың баға жетпес асыл қазынасы екенін түсіндіріп, насихаттап отырса, жас ұрпақ та өз елінің мәдениетіне, өткен тарихына жанашырлықпен қарайтын ұлтжанды азаматтар болып өсер еді. Ал қазіргі кезде туризмнің өте қарқынды дамуына байланысты кез келген тарихи-мәдени ескерткіштер арқылы біз елімізді бүкіл дүние жүзіне танытуға мүмкіндік аламыз.

Азат ТҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ,

«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының аға ғылыми қызметкері

Түркістан облысы,
Отырар ауданы

...ана тілін ардақтайды

Мемлекеттік тіл – рухани негізіміз

Мемлекеттік тілді білуде, қастерлеуге деген талап күн санап жоғарылап келеді. Сот судьялары мен қызметкерлері тілдерді дамыту басқармасында мемлекеттік тілді жүйелі түрде оқып-үйреніп, оны әрі қарайғы қызметтерінде кеңінен қолданудың мүмкіндігін қарастырып жатыр. Өйткені мемлекеттік қызметкерлер ана тілінде сөйлеп, ана тілінде сауатты жаза білуде өзге ұлт өкілдеріне үлгі-өнеге көрсетулері тиіс.

Ата Заңымыз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге кепілдік береді. «Тілдер туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп атап көрсетілген. Ал соттардың іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіруіне жоғарыда аталған заң талаптары орындауға бағытталған жұмыстар өз септігін тигізіп отыр.

Жоғарғы Сот шешімімен аудандық және оған теңестірілген соттарда құжаттардың мемлекеттік тілдегі үлесін 100 пайызға жеткізу жоспарланғаны да көңілге қуаныш ұялатады. Осыған байланысты Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының мемлекеттік тілді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі жоспарына сәйкес мақсатты іс-шаралар жүзеге асырыла бастады. Мәселен, қазіргі кезде соттың шығыс құжаттары, ілеспе хаттар, ішкі қызмет құжаттары, барлық жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылатын іс-шаралар мемлекеттік тілге көшірілген.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оның қолданылу аясын барлық салада барынша кеңейтуге күш салып қана қоймай, осы жолда аянбай тер төгу. Міне, сонда ғана алдымызға қойған мақсат үдесінен шыға аламыз.

Жандос ЕСЕНОВ,

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің басшысы

ОРАЛ

...ұсыныс білдіреді

Еңбек еткеннің бәрі ардагер ме?

Әркім өз саласында жеткен жетістігіне орай лайықты бағаланып жатса, ол да бір ғанибет іс қой. Мұндай жағдай кім-кімнің де мәртебесін көтеріп, іске деген құлшынысын арттырады. Алдағы күндерге деген сенімін бекемдей түседі.

Бір жолы 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні мерекесінде мен де кеудеме «Еңбек ардагері» медалін тағып, абыройым көтерілді. Жанымдағылар жапырлай құттықтап, мерейім өсті. Медаль тимеген бір әріптесім сөз арасында: «Ардагер екеніміз анық қой, «Еңбек ардагері» медалін несіне береді?» дегендей пікірдің ұшығын шығарды. Шат-шадыман қуаныш құшағына бөлене жүріп, сәл-пәл ойлап қалдым.

Расында да, зейнет жасына жеткен азаматтардың барлығы да еңбек ардагері санатына жатады емес пе? Мұның бір министрліктің құзырындағы мәдениет пен журналистика салаларына да қатысы бар. Ендеше аталған салалар ардагерінің төсіне «Еңбек ардагері» медалін тағу соншалықты қажет нәрсе ме? Міне, осы сұрақтарға нақты жауап беру үшін маған төсбелгі атауын қайта қараған жөн секілді көрінеді.

Мәселен, «Еңбек ардагері» медалінің бірі «Ақпарат саласының құрметті еңбек ардагері», екіншісі «Мәдениет саласының құрметті еңбек ардагері» деп аталса, ұтымды шықпай ма? Яғни бұл екі сала қызметкерлеріне де тиімді болар еді. Олай дейтініміз, мұндай медальдердің «Ауыл шаруашылығы саласының құрметті еңбек ардагері», «Су саласының құрметті еңбек ардагері», тағы басқалай берілетінін көріп те, біліп те жүріміз.

Осылай жасалған жағдайда еңбек ардагеріне көрсетілген құрметтің бағасы мен беделі біршама арта түсетіні анық. Бұл мәселе басқа жүйелерде тәп-тәуір жүзеге асып жатқанда, мәдениет пен ақпарат салаларына көп қиындық келтіре қоймайтын шығар деген ойдамыз. Ортаға салынып отырған осы ұсынысымызға қолына қалам ұстаған бүкіл журналистер қауымы мен мәдениет саласы майталмандарының қызу қолдау көрсетеріне шүбә келтірмейміз.

Сахи ҚАПАР,

ардагер журналист

Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы

«Өзенмұнайгаз» АҚ қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр:

Жобаның атауы: «Жұмыс жобасы және оған арналған ҚОҚ бөлімі: «Өзен» кен орнында құрамында мұнай бар қалдықтарды биологиялық ремедиация әдісімен (БРӨ) қайта өңдейтін уақытша технологиялық алаңдар».

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны: 2024 жылғы 30 шілдеде сағат 11.00-де, «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік бөлімшесі, 2 қабат, конференц-зал.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері: «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау департаменті, БСН: 120240020997, А. Кожанова, 8 729 34 651 78.

Әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: «Сан-А» ЖШС, 14 ш/а, ғимарат 80.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6391803028?pwd=аТВРNHhMSmIXR2RUbGxhFQXl1SjZhUT09&omn=77573243822>

Конференцияның сәйкестендіргіші: 639 180 3028,

Қатынау коды: L0Be65

Жобалық құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы <https://ecportal.kz>

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері: Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы

Жобаларды экологиялық сараптау бөлімі, бас маман Сабина Саламатқызы Базарбай, э.л.пошта: s.bazarbai@mangystau.gov.kz., тел.: 8 (7292) 43 10 88; моб.тел.: +7 (778) 113 98 97.

Абай облысының Абай аудандық сотында Қайрат Тлеутабылович Омашевтың 1971 жылғы 12 қазанда туған **Райхан Аликуловна Салимованы** хабарсыз кетті деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қаралуда. Р.А.Салимованың жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдар болса, осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Абай обл., Абай ауд., Қарауыл а., Абай к-сі, 47 үй мекенжайы бойынша және 8 775 722 68 79 телефоны арқылы хабарлауды сұраймыз.

ТОО «Aquazis», БИН: 110540003450, соообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования настоящего объявления по адресу: г. Атырау, мкр. Лесхоз, дом 23, кв. 4. Тел: +7 702 955 53 55.

«Сервис Плассер Казахстан» ЖШС радиациялық катализ саласындағы әйгілі химик, химия ғылымдарының докторы, Халықаралық жоғары оқу орындары ғылым академиясының академигі

Қосылған Күзембайұлы КҮЗЕМБАЙДЫҢ қайтыс болуына байланысты Ерік Қосылғанұлы Күзембаевқа орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.